



"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тиісті тауар рыногында үстем жағдайға ие табиғи монополия субъектілерінің және рынок субъектілерінің қызметін бақылау мен реттеу мәселелері бойынша толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 20 мамырдағы N 567 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тиісті тауар рыногында үстем жағдайға ие табиғи монополия субъектілерінің және рынок субъектілерінің қызметін бақылау мен реттеу мәселелері бойынша толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне табиғи монополия субъектілерінің және тиісті тауар рыногында үстем жағдайға ие рынок субъектілерінің қызметін бақылау мен реттеу мәселелері бойынша толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының мынадай заңнамалық актілеріне толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

1. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының 2001 ж. 30 қаңтардағы Кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 5 -6, 24-құжат; N 17-18, 241-құжат; N 21-22, 281-құжат; 2002 ж., N 4, 33-құжат; N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 1-2, 3-құжат; N 4, 25-құжат; N 5, 30-құжат; N 11, 56, 64, 68-құжаттар; N 14, 109-құжат; N 15, 122, 139-құжаттар; N 18, 142-құжат; N 23, 171-құжат; "Егемен Қазақстан" газетінде 2004 жылғы 17 сәуірде және "Казахстанская правда" газетінде 2004 жылғы 15 сәуірде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне міндетті әлеуметтік сақтандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 8 сәуірдегі
З а ң ы) ;

1) 4 8 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацында "көрсетіледі" деген сөздің алдынан ", не монополистік қызметті жүзеге асыру кезеңі ішінде түскен кіріс (ақшалай түсім)

сомасының процентімен" деген сөздермен толықтырылсын;
төртінші бөліктегі "операция сомасының процентімен" деген сөздерден кейін "не монополистік қызметті жүзеге асыру кезеңі ішінде түскен кіріс (ақшалай түсім) сомасының процентімен" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 5 7 - б а п т а ғ ы :

бірінші бөлік мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

"3) мәжбүрлеп баға белгілеу.";

екінші бөліктегі "1) және 2) тармақшаларда" деген сөздер "1), 2) және 3) тармақшаларда" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) мынадай мазмұндағы 59-1-баппен толықтырылсын:

"59-1-бап. Мәжбүрлеп баға белгілеу

1. Мәжбүрлеп баға белгілеу рынокта елеулі бәсекелестік болған кезде белгілеу мүмкін болмайтын бағаны не тауарды сатып алу немесе сатудың басқа да талаптарын белгілеуде көрсетілетін рынок субъектісі өзінің үстем жағдайын теріс пайдаланған жағдайда , қ о л д а н ы л а д ы .

2. Мәжбүрлеп баға белгілеу бағаның белгілі бір шамасын, тауарлар табыстылығының және (немесе) бағаның жоғары (төмен) шегінің деңгейін үш жылдан аспайтын мерзімге белгілеу арқылы жүзеге асырылады.

3. Рынок субъектілерінің тауарларына мәжбүрлеп баға белгілеу туралы шешімдерді бәсекелестікті қорғау жөніндегі уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заң актілерімен бекітілген тәртіппен белгілі бір мерзімге қабылдайды.";

4) 69-баптың екінші бөлігінде "салық салу" деген сөздерден кейін ", табиғи монополиялар, бәсеке және монополистік қызметті шектеу" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

5) 147-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"147-бап. Монополистік қызмет және жосықсыз бәсеке

1. Рынок субъектілерінің бәсекеге қарсы келісімдері (келісілген іс-әрекеттері), үстем жағдайды теріс пайдалануы, мемлекеттік органдардың бәсекеге қарсы іс-қимылдары, ж о с ы қ с ы з б ә с е к е , -

азаматтарға - айлық есептік көрсеткіштің елуден жүзге дейінгі мөлшерінде, жеке кәсіпкерлерге және лауазымды адамдарға - жүзден төрт жүзге дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға - екі мыңға дейінгі мөлшерінде не монополистік қызметті жүзеге асыру кезеңінде түскен кірістен (ақшалай түсімнен) он процентке дейінгі мөлшерінде а й ы п п ұ л с а л у ғ а ә к е п с о ғ а д ы . " ;

б) мынадай мазмұндағы 147-1, 147-2, 147-3-баптармен толықтырылсын:

"147-1-бап. Келісімдер (келісілген іс-әрекеттер) және экономикалық шоғырлану кезінде рынок субъектілерінің заңсыз іс-әрекеттері

Экономикалық шоғырлану бәсекелестікті қорғау жөніндегі уәкілетті органның тиісті келісімін алмастан, егер мұндай рұқсаттың болуы қажет жағдайда, келісімдерге (

келісілген іс-әрекеттерге), экономикалық шоғырлануға қатысушы рынок субъектілері келісімге (келісілген іс-әрекетке), экономикалық шоғырлануға рұқсат беру туралы шешімде шарттасқан талаптар мен міндеттемелерді орындамаса, - азаматтарға айлық есептік көрсеткіштің елуден жүзге дейінгі мөлшерінде, жеке кәсіпкерлерге және лауазымды адамдарға - жүзден төрт жүзге дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға - екі мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

147-2-бап. Бәсекелестікті қорғау жөніндегі уәкілетті органның шешімдерін орындамау. Ақпаратты ұсыну жөніндегі міндеттемелерді бұзушылық және үй-жай мен аумаққа кіруге кедергі жасау

Шешімді (нұсқаманы) орындамау немесе оны толық көлемде орындамау не бәсекелестікті қорғау жөніндегі уәкілетті органға ақпаратты белгіленген мерзімдерде толық көлемде табыс етпеу, бәсекелестікті қорғау жөніндегі уәкілетті органға дұрыс емес және (немесе) жалған ақпаратты табыс ету, тергеу жүргізетін бәсекелестікті қорғау жөніндегі уәкілетті органның лауазымды адамдарының үй-жай мен аумаққа кіруіне кедергі жасау, -

азаматтарға айлық есептік көрсеткіштің елуге дейінгі мөлшерінде, жеке кәсіпкерлерге және лауазымды тұлғаларға - төрт жүзге дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға - екі мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

147-3-бап. Табиғи монополиялар туралы заңдарды бұзушылық

Табиғи монополия субъектісінің табиғи монополиялар туралы заңдарда белгіленген шектеулерді сақтамауы, табиғи монополия субъектісінің міндеттемелерді орындамауы немесе тиісті дәрежеде орындамауы, сол сияқты Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңын өзге де бұзушылық, -

жеке кәсіпкерлерге айлық есептік көрсеткіштің жүзден төрт жүзге дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға - екі мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады." ;

7) 541-баптың бірінші бөлігіндегі "147 (үшінші бөлік)," деген сөздер алынып тасталсын ;

8) 565-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"565-бап. Бәсекелестікті қорғау жөніндегі уәкілетті орган

"1. Бәсекелестікті қорғау жөніндегі уәкілетті орган осы Кодекстің 147, 147-1, 147-2-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарайды.

2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жаза қолдануға бәсекелестікті қорғау жөніндегі орталық мемлекеттік органның Басқармасы, сондай-ақ бәсекелестікті қорғау жөніндегі облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) атқарушы органдардың басшылары құқылы.";

9) 565-1-баппен толықтырылсын:

"565-1-бап. Табиғи монополия саласындағы қызметті бақылау мен реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган

1. Табиғи монополия саласындағы қызметті бақылау мен реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган осы Кодекстің 147-3-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.

2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жаза қолдануға табиғи монополия саласындағы қызметті бақылау мен реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органның басшысы және оның орынбасарлары, сондай-ақ табиғи монополия саласындағы қызметті бақылау мен реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органның аумақтық органдарының басшылары мен олардың орынбасарлары құқылы."

10) 636-баптың бірінші бөлігінің 1) тармақшасындағы отыз бірінші абзац алынып тасталсын;

11) 638-баптың бірінші бөлігінде "құқық бұзушылық," деген сөздерден кейін " монополистік қызметті жүзеге асырған кезде - тергеудің нәтижелері туралы қорытынды жасағаннан кейін," деген сөздермен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасының 2003 ж. 9 шілдедегі Су кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 17, 141-құжат):

134-баптың 2-тармағында "Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңымен" деген сөздер "Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңдарымен" деген сөздермен ауыстырылсын.

3. "Қазақ ССР-індегі шаруашылық қызметтің еркіндігі және кәсіпкерлікті дамыту туралы" Қазақ Советтік Социалистік Республикасының 1990 ж. 11 желтоқсандағы Заңына (Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1990 ж., N 51, 483-құжат; Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 4, 96-құжат; N 24, 597-құжат; 1993 ж., N 8, 176-құжат; 1995 ж.. N 20, 120, 121-құжаттар; N 21, 130-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 13-14, 205-құжат; 1999 ж., N 23, 931 - құжат) :

21-баптың бесінші абзацында "монополияға қарсы заң" деген сөздер "Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы, бәсеке және монополистік қызметті шектеу туралы заңдары және" деген сөздермен ауыстырылсын.

4. "Жеке кәсіпкерлікті қорғау және қолдау туралы" Қазақстан Республикасының 1992 ж. 4 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 16, 424-құжат; 1995 ж., N 20, 120, 121-құжаттар; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 14, 274-құжат; 1997 ж., N 13-14, 195, 205-құжаттар; 1999 ж., N 23, 931-құжат; 2001 ж., N 8, 52-құжат; N 24, 338-құжат; 2003 ж., N 10, 51-құжат; N 19-20, 147-құжат):

1) 3-баптың 1-тармағындағы ", бағалық және монополияға қарсы реттеу" деген сөздер "реттеу, бәсекелестікті қорғау, монополистік қызметті шектеу, табиғи монополия саласындағы қызметті реттеу" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 18-баптың 2-тармағының екінші бөлігі алынып тасталсын.

5. "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасының 1995 ж. 17 сәуірдегі Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 35-құжат; 15-16, 109-құжат; N 20, 12-1-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 1, 180-құжат; N 14, 274-құжат; 1997 ж., N 12, 183-құжат; 1998 ж., N 5-6, 50-құжат; N 17-18, 224-құжат; 1999 ж., N 20, 727-құжат; 2000 ж., N 3-4, 63, 64-құжаттар; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 1, 1-құжат; N 8, 52-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 18, 157-құжат; 2003 ж., N 4, 25-құжат; N 15, 139-құжат; "Егемен Қазақстан" газетінде 2004 жылғы 24 наурызда, "Казахстанская правда" газетінде 2004 жылғы 20 наурызда жарияланған " Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 18 наурыздағы Заңы):

1) 2-баптың бесінші абзацында "монополияға қарсы орган" деген сөздер " бәсекелестікті қорғау жөніндегі уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 6 - б а п т а :

алтыншы бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Тиісті тауарлар (жұмыстар, қызметтер көрсету) рыногында үстем (монополиялық) жағдайға ие рынок субъектілерін мемлекеттік тіркеуді бәсекелестікті қорғау жөніндегі уәкілетті органның алдын ала келісімімен тіркеуші орган жүзеге асырады.";

мынадай мазмұндағы жетінші бөлікпен толықтырылсын:

"Табиғи монополиялар субъектілерін мемлекеттік тіркеуді табиғи монополия саласындағы қызметті бақылау мен реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органның алдын ала келісімімен тіркеуші орган жүзеге асырады.";

3) 14-баптың төртінші бөлігінде "монополияға қарсы органның" деген сөздер " табиғи монополия саласындағы қызметті бақылау мен реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органның" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 16-баптың төртінші бөлігіндегі екінші сөйлем мынадай редакцияда жазылсын:

"Тиісті тауар рыногында үстем жағдайға ие рынок субъектісінің қызметін тоқтатуды тіркеуді бәсекелестікті қорғау жөніндегі уәкілетті органның алдын ала келісімімен, ал табиғи монополия субъектілерінің қызметін тоқтатуды тіркеуді табиғи монополия саласындағы қызметтерді бақылау мен реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органның алдын ала келісімімен тіркеуші орган жүзеге асырады.";

5) мынадай мазмұндағы 19-1-баппен толықтырылсын:

" 19 - 1 - б а п . Ө т п е л і е р е ж е л е р

Осы Заңның 6-бабының алтыншы, жетінші бөліктері 2005 жылғы 31 желтоқсаннан бастап күшін жояды."

6. "Мемлекеттік кәсіпорын туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 ж. 19 маусымдағы заң күші бар N 2335 Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 9-10, 66-құжат; N 24, 164-құжат; Қазақстан

Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 12, 183-құжат; N 13-14, 205-құжат; 1998 ж., N 23, 429-құжат; 1999 ж., N 22, 789-құжат; N 23, 916-құжат; 2001 ж., N 10, 126-құжат; 2002 ж., N 10, 102-құжат; 2003 ж., N 11, 71-құжат):

1) 26-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Кәсіпорындар монополиялық түрде өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) бағасын өсіруге жол бермеу мақсатында бәсекені қорғау жөніндегі орталық мемлекеттік орган осы тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) бірден-бір тұтынушы мемлекеттік мекеме болып табылатын жағдайларды қоспағанда, осындай бағаларды белгілеудің тәртібін айқындайды.";

2) 40-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазыналық кәсіпорындар монополиялық түрде өндіретін тауарларға (жұмыстарға, қызметтерге) бағаларды көтеруге жол бермеу мақсатында бәсекені қорғау жөніндегі орталық мемлекеттік орган осы тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) бірден-бір тұтынушы мемлекеттік мекеме болып табылатын жағдайларды қоспағанда, осындай бағаларды белгілеудің тәртібін айқындайды.";

3) 48-баптың 1) тармақшасындағы "монополияға қарсы заң" деген сөздер "Қазақстан Республикасының бәсеке және монополистік қызметті шектеу туралы заңдарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 49-баптың 1-тармағында:

бірінші бөлікте "баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі орталық атқарушы органның" деген сөздер "бәсекелестікті қорғау жөніндегі уәкілетті органның" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлікте "баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі аумақтық органның" деген сөздер "бәсекелестікті қорғау жөніндегі облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) атқарушы органның" деген сөздермен ауыстырылсын.

7. "Қазақстан Республикасындағы банктер мен банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 ж. 31 тамыздағы Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 15-16, 106-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 184-құжат; N 15, 281-құжат; N 19, 370-құжат; 1997 ж., N 5, 58-құжат; N 13-14, 205-құжат; N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 11-12, 176-құжат; N 17-18, 224-құжат; 1999 ж., N 20, 727-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 8, 52-құжат; N 9, 86-құжат; 2002 ж., N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 5, 31-құжат; N 10, 51-құжат; N 11, 56, 67-құжаттар):

17-1-баптың 5-тармағының бесінші абзацындағы, 61-баптың г) тармақшасында "монополияға қарсы заңның" деген сөздер "Қазақстан Республикасының бәсеке және монополистік қызметті шектеу туралы заңдарының" деген сөздермен ауыстырылсын.

8. "Банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының 1997 ж. 21 қаңтардағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 1-2, 7-құжат; N 13-14, 205-құжат; 1998 ж., N 14, 198-құжат; N 17-18, 225-құжат; 2000 ж., N 22, 408-

құжат; 2001 ж., N 8, 52-құжат; N 17-18, 240-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 4, 26-құжат):

1) 19-баптың 2-тармағында:

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) егер борышкер табиғи монополия субъектісі болып табылатын жағдайда, борышкердің өзін банкрот деп тану туралы сотқа жүгінуі жөніндегі жазбаша хабарламасы алынған кезден бастап табиғи монополия саласындағы қызметті бақылау мен реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органның он күн ішінде беретін қорытындысы;" ;

мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:

"6) егер борышкер тауар рыногында үстем жағдайға ие рынок субъектісі болып табылатын жағдайда, борышкердің өзін банкрот деп тану туралы сотқа жүгінуі туралы жазбаша хабарламасы алынған кезден бастап, бәсекені қорғау жөніндегі уәкілетті органның он күн ішінде берілетін қорытындысы."

9. "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының 1997 ж. 20 маусымдағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 12, 186-құжат; 1998 ж., N 24, 437-құжат; 1999 ж., N 8, 237-құжат; N 23, 925-құжат; 2001 ж., N 17-18, 245-құжат; N 20, 257-құжат; 2002 ж., N 1, 1-құжат; N 23-24, 198-құжат; 2003 ж., N 1-2, 9-құжат; N 11, 56-құжат; N 15, 139-құжат) :

44-баптың 3) тармақшасындағы "Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңдары" деген сөздер "Қазақстан Республикасының бәсеке және монополистік қызметті шектеу туралы заңдары" деген сөздермен ауыстырылсын.

10. "Шаруа (фермер) қожалығы туралы" Қазақстан Республикасының 1998 ж. 31 наурыздағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 2-3, 26-құжат; 2001 ж., N 24, 338-құжат; 2003 ж., N 1-2, 6-құжат; N 4, 26-құжат):

18-баптың 1-тармағының 2) тармақшасында "табиғи монополистік кәсіпорындардың қызметін монополияға қарсы реттеуді" деген сөздер "Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңдарын" деген сөздермен ауыстырылсын.

11. "Тауарлар импорты жағдайында ішкі рынокты қорғау шаралары туралы" Қазақстан Республикасының 1998 ж. 28 желтоқсандағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 24, 446-құжат):

10-баптың 7-тармағында "монополияға қарсы саясат саласындағы атқарушы өкіметтің уәкілетті органның" деген сөздер "бәсекелестікті қорғау жөніндегі уәкілетті органның" деген сөздермен ауыстырылсын.

12. "Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 1999 ж. 16 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 20, 720-құжат; "Егемен Қазақстан" газетінде 2004 жылғы 17 наурызда, "Казахстанская правда" газетінде 2004 жылғы 16

наурызда жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 10 наурыздағы Заңы):

18-баптың 2-тармағында "монополияға қарсы органмен" деген сөздер "бәсекелестікті қорғау жөніндегі уәкілетті органмен" деген сөздермен ауыстырылсын.

13. "Коммерциялық емес ұйымдар туралы" Қазақстан Республикасының 2001 ж. 16 қаңтардағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 1, 8-құжат; N 24, 338-құжат; 2003 ж., N 11, 56-құжат; "Егемен Қазақстан" газетінде 2004 жылы және "Казахстанская правда" газетінде 2004 жылы жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жергілікті мемлекеттік басқару мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 11 мамырдағы Заңы):

9-бап мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Мемлекеттік органдар болып табылмайтын мемлекеттік мекемелер көрсететін тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) мемлекеттік реттеу мақсатында бәсекелестікті қорғау жөніндегі орталық мемлекеттік орган мемлекеттік мекемелер көрсететін қызметтерге, осы тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) бірден-бір тұтынушы мемлекеттік мекеме болып табылатын жағдайларды қоспағанда, баға белгілеудің тәртібін айқындайды."

14. "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасындағы 2001 ж. 16 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 17-18, 243-құжат):

68-баптың 6-тармағының екінші бөлігіндегі "монополияға қарсы заңның нормаларымен және ережелерімен" деген сөздер "Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңдарына" деген сөздермен ауыстырылсын.

15. "Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіруді және олардың жекелеген түрлерінің айналымын мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2003 ж. 7 сәуірдегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 6, 33 - құжат) :

6-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Бәсекелестікті қорғау жөніндегі уәкілетті орган Қазақстан Республикасының бәсеке және монополистік қызметті шектеу туралы заңдарына сәйкес мұнай өнімдерін өндірушілердің шикі мұнайды және (немесе) газ конденсатын өңдеу жөніндегі қызметтеріне тарифтер бекітеді."

16. "Қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасының 2003 ж. 4 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 15, 132-құжат):

6-бап алынып тасталсын.

17. "2004 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2003 ж. 5 желтоқсандағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 23, 170-құжат):

көрсетілген Заңның 1-қосымшасындағы "монополияға қарсы заңының" деген сөздер "Қазақстан Республикасының бәсеке және монополистік қызметті шектеу туралы және табиғи монополиялар туралы заңдарының" деген сөздермен ауыстырылсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК